

**"1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2366 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылғы 5 қыркүйек N 1226

"1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2366 Қ952366\_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі:

тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың көшіп келуін белгіленген квота шегінде ұйымдастырсын;

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорынан босқын-репатрианттардың отбасыларының көшіп келуін оларды қабылдауды, жайғастыруды және бейімделуін ұйымдастыруға байланысты шараларды жүзеге асыру үшін көзделген қаражатты бөлсін ;

көшіп келушілер отбасыларының еңбекке жарамды ересек мүшелерін олардың біліктілігі мен мамандығына, сондай-ақ даярлануы мен қайта даярлануына қарай жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

министрліктер мен ведомстволардың босқын-репатрианттардың көшіп келуін және жайғастырылуын ұйымдастыру жөніндегі жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

босқын-репатрианттар отбасыларының қабылдануын, жайғастырылуын және оларға қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалуын қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттардың отбасыларына, халықтың тиісті санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тұрғын үй, отын, электр энергиясы, коммуналдық және басқа да қызметтерге ақы төлеу жөнінде жеңілдіктер қолданылсын;

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі үкіметтің дипломатиялық арнасы бойынша көшіп келушілер шығатын және транзитпен жүріп өтетін мемлекеттердің үкіметтеріне тиісті елдер арқылы өткен кезде жәрдем беру туралы хабар берсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірге көшіп келушілер мемлекеттің аумағынан бастап қоныстану аймағына дейін адамдарды және олардың мүліктерін көшіру тәртібін анықтасын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті көшіп келушілер шығатын және транзитпен жүріп өтетін мемлекеттердің тиісті органдарымен бірге адамдарды және олардың жеке мүліктерін, сондай-ақ малын шекаралық пункттерден жедел түрде өткізу мәселелерін пысықтасын. Қажет болған жағдайда қосымша уақытша бақылау-шекаралық тексеру органын ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан аймағына келген кезінде және орналасатын жерінде көшіп келушілердің және олардың мүліктерінің қауіпсіздігін;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға тілек білдірген азаматтығы жоқ адамдардың құжаттарын дер кезінде ресімдеуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қажет болған жағдайда басқа мемлекеттерден келетін босқын-репатрианттарға дәрігерлік тексеріс жасауды ұйымдастырып, оларға қажетті дәрігерлік көмек көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі босқын-репатрианттардың балаларын тиісті оқу орындарында оқытуды, сондай-ақ ересек адамдардың ана тілінде сауатын ашуды жеңілдік жасалған жағдаймен ұйымдастырсын, қажет болған жағдайда қосымша кластар мен мектептер ашсын.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2366 қаулысын және осы қаулыны орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы 1996 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ақпарат тапсырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі